

**Целиноград аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 қарашадағы № 70/8-6 "**  
**Целиноград ауданы елді мекендерінің жерлеріне жер салығының**  
**мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2017 жылғы 28 наурыздағы № 108/12-6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 мамырда № 5921 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2022 жылғы 25 шілдедегі № 162/29-7 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 25.07.2022 № 162/29-7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Ақмола облысы Целиноград ауданының Воздвиженка ауылын және Воздвиженка ауылдық округін қайта атау туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № А-13/578 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 6С-7-12 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5659 болып тіркелген) шешіміне сәйкес Целиноград аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Целиноград аудандық мәслихатының "Целиноград ауданы елді мекендерінің жерлеріне жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" 2016 жылғы 23 қарашадағы № 70/8-6 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5656 болып тіркелген, 2017 жылғы 6 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімге қосымшада:

кестенің 3-бағанында:

төртінші жолда (аймақ нөмірі I), үшінші, сегізінші жолдарда (аймақ нөмірі III ) "Воздвиженка ауылы", "Воздвиженка ауылдық округі" сөздері "Нүресіл ауылы" , "Нүресіл ауылдық округі" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Целиноград аудандық  
мәслихаты сессиясының  
төрайымы*

*Целиноград аудандық*

*И.Саденова*

мәслихатының хатшысы

*Б.Жанбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Целиноград ауданының  
әкімі

*М.Тәткеев*

28.03.2017

"Целиноград ауданының  
жер қатынастары бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің  
басшысы

*А.Нұртазин*

28.03.2017

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК